

"Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің Регламентін бекіту туралы" Шу ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 243 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Шу аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 217 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 27 мамырда № 3097 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 469 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің 06.12.2016 № 469 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Шу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің Регламентін бекіту туралы" Шу ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 243 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2714 болып тіркелген, 2015 жылдың 12 тамызында № 68 (6498) "Шу өңірі" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Шу ауданы әкімдігінің Регламентінде:

18 тармақтағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына" деген сөздер "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Ербол Еркінұлы Аймамбетовке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

